

Нарық қатынастарын дамытуды жеделдету, тұрғын үй құрылысы бағдарламасын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 18 қаңтардағы N 24-ө

Нарық қатынастарын дамытуды жеделдету, тұрғын үй құрылысы бағдарламасын жүзеге асыру, құрылыс кешенінің тиімді жұмыс істеуі мақсатында:

1. "Алматы үй құрылысы комбинаты" акционерлік жобалау-құрылыс корпорациясының балансынан құрылыс салудың жалпы жоспарына сәйкес қосалқы объектілерімен және маңындағы аумағымен N 2 темірбетон бұйымдарын жасау цехы "Интекс" құрылыс концернінің баласына берілсін.

"Интекс" концерні цехтың құнын 5 жыл бойы бөліп төлесін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті (С.С.Қалмырзаев) корпорацияның жарғы қорындағы мемлекеттің үлесін аталған цехтың құнына кемітуге қатысты "Алматы үй құрылысы комбинаты" корпорациясының құрылтайшылық шартына өзгертулер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1995 жылғы 16 ақпандағы N 46 шешімінің орындалуын қамтамасыз етіп, N 2 цехтың баланстан балансқа берілуін он күн мерзімде жүзеге асырсын.

3. "Интекс" құрылыс концерні N 2 цехтың жоғары өнімді жұмысын және объектілерді салу жөніндегі қойылған міндеттердің уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр